

Қорытындылай келгенде, өткен ғасыр тарихындағы талайлы тағдырлар, түркі халқына ортақ мұң мен қуаныш, арман мен мақсат, ұлт мүддесі сабақтастығы бір арнада тоғысып жатқандығын Мағжан Жұмабаев поэзиясында көрінеді. Тек қазақ халқын ғана сүю емес, (оның ішінде, анасын, жарын, Алашын) күллі түркі халқының жоқтаушысы, халықтардың елдік, туысқандық тамырынан қол үзбеуін қадағалап, сақтаушы дара тұлға екендігі әлемге аян.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмабаев М. Шығармалар. Т.1. – А.: Білім, 1995. – 256 б.
- 2 Мағжанның ақындығы туралы // Жас Алаш. – №65 (15627). – 16 тамыз, сейсенбі 2011.
- 3 [Электрон. Ресурс] <http://massaget.kz/layfstayl/debiet/poeziya/26871/>
- 4 Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» өлеңіне түрік ақынының жауабы. [Электрон. Ресурс] <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/>

FTAХР 17.82

Ж.А. Тұрымбетова¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

**ӨРКЕНИЕТТЕР ТОҒЫСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
/ҚАЗАҚ, ТҮРІК / ПОЭЗИЯСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

Аңдатпа. Мақалада туысқан түркі халықтарының, соның ішінде қазақ және түрік халықтарының ақындық-ашықтық поэзиясының қайнар көзінің байырғы түркі өркениеті мен ислам мәдениетінің тоғысуы аясында дамығандығы туралы мәселелер төңірегінде сөз қозғалған.

Ашықтар мен ақын-жыраулар шығармашылығына ортақ ата-бабалық, жауынгерлік-қаһармандық сарындар, фольклорлық синкретизм, сопылық, діни-исламдық көзқарастар, дидактикалық поэзияның дараланған үлгілерінің (насихат, мысалдау өлеңдер), махаббат, көңіл-күй лирикасы секілді әдеби жанрларда шығыстың классикалық поэзиясына тән үлгілерді кеңінен көруге болатындығы көрсетілген.

Юнус Эмре, Қараджаоғлан, Пір Сұлтан Абдал, Дертли секілді түрік ашықтарының көрнекті өкілдерінің шығармаларындағы дәстүр үндестігі және поэтикалық ықпалдастық тұрғысынан көрсетілген.

Бұл мәселелер қазақ және түрік әдебиеттерінің өзара қарым-қатынастарының негізгі жолдарын зерттеу, өзара баю заңдылықтарын анықтау, тарихи қарым-қатынас кезеңіндегі екі халықтың бір-бірімен тығыз рухани сабақтастық негіздерін айқындай түсу болып табылады.

Кілт сөздер: түркі өркениеті, ислам мәдениеті, Юнус Эмре, Қараджаоғлан.

Аннотация. В статье рассматриваются общие темы в поэзии тюркских народов на примере произведений казахских и турецких поэтов и менестрелей, что, по мнению автора, послужило источником развития тюркской цивилизации и исламской культуры. Автором, на основе анализа литературного наследия казахского и турецкого народов, приводится широкий спектр классических образов восточной поэзии – жизнь общих предков, описание их боевых и героических историй, послуживших мотивом для создания литературных образов, описываются такие понятия как синкретизм фольклора, суфизм, религиозные и исламские взгляды, персональные модели дидактической поэзии (пропаганда, аллегорические стихи), любовь и настроение. Произведения выдающихся представителей турецких менестрель, таких как Юнус Эмре, Караджаоғлан, Учитель Султан Абдал и Дертли, рассмотрены с точки зрения сингармонизма традиций и поэтической интеграции.

Данное исследование направлено на выявление закономерностей и путей взаимного обогащения казахской и турецкой литературы, установления более тесных духовных связей.

Ключевые слова: тюркская цивилизация, исламская культура, Юнус Эмре, Караджаоғлан.

Abstract. The article touches upon themes in poetry of relative Turkic nations, among them Kazakh and Turkish poets and minstrels, which was the reason for developing poetic origins within the framework of intersection of Turkic civilization and Islamic culture. You can see a wide range of classical samples of Eastern poetry in common with the works of minstrels and poets-zhyrau of such literary genres as ancestors, fighting and heroic motifs, folklore syncretism, Sufism, religious and Islamic views, personalized models of didactic poetry (propaganda, allegorical verses), love, and mood lyrics.

The works of prominent representatives of Turkish minstrels like YunusEmre, Qaradjaoglan, Master Sultan Abdal, and Dertli, are sacred in terms of resonating with tradition and poetic integration. These issues are the main ways to research relationship between Kazakh and Turkish literature in order to reveal patterns of mutual enrichment, and to identify close spiritual ties in historical relationship between two nations.

Key words: turkic civilization, Islamic culture, Yunus Emre, Qaradjaoglan.

Қазақ ақындары мен түрік ашықтарының поэзиясы байырғы түркі өркениеті мен ислам мәдениеті тоғысуының көркемдік дәстүрлері аясында дамыды. Әрине, қазақ халқының мекендеген жері – бүкіл түркі

халықтарының, оның ішінде қазіргі Түркия мемлекеті түріктерінің де атажұрты. Қазақстан жеріндегі байырғы түркі өркениетінің (VI-IX ғ.ғ.) (Түрік, Батыс Түрік, Шығыс Түрік, Түргеш қағанаттары, Қарлұқ, Оғыз мемлекеттері, Кимек қағанаты), дамыған орта ғасырлық мемлекеттердің (Қарахан мемлекеті, наймандар, керейіттер, жалайырлар, қыпшақтар), Алтын Орданың (XII-XIV ғ.ғ.), Қазақ хандығының (XV-XVIII ғ.ғ.) мәдениеттері жалғастығы сақталды.

Ал қазіргі Түркияны құрайтын негізгі халқы түріктердің сол Кіші Азия жеріне барған XI ғасырға дейінгі тарихы бүкіл түркі халықтарына ортақ кезеңдер аясында қарастырылады. Бірақ XI-XX ғ.ғ. да туысқан екі халық мәдениеттерінің тарихи тамырластығы жоғалған жоқ. Екі халықтың да рухани мәдениеттері бұл кезеңдерде әлемдік өркениеттер тоғысуы құбылыстарын, ықпалдастық байланыстарын бойларына сіңірді. Рас, қазіргі Түркия мемлекеті түріктерінің түркілік ортақ әлемнен даралана бастауы X-XI ғ.ғ. десек, ал қазақтың сол ортақ тарихтан айқындала, дербестене бастауы XII-XIV ғ.ғ. Алтын Орда және XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы кезінен басталады.

Қазіргі Түркия Кіші Азия деп аталатын географиялық кеңістікті тұтастай қамтиды. Нақтылап айтқанда:

«...Кіші Азияның барлық дерлік территориясына, сондай-ақ Балқан, жарты аралының аздаған бөлігіне ие. Солтүстігінде - Қара теңіз, батысында -Эгей теңізі, оңтүстігінде - Жерорта теңізі шайып жатқан оның құрамында табиғи және климаттық жағдайлары әртүрлі облыстар бар: Шығыс Анатолияның биік таулы қыраттары, Понтий тауларына ұласатын Қара теңіз маңындағы ормандар, Эгей теңізі жағалауларындағы шалғындықтар мен зәйтүн ағаштары» [1, 3 б.].

Кіші Азиядағы осы Түркия мемлекетіндегі негізгі ұлт – түріктер. Түріктерден басқа арабтар, күрділер, гректер, армяндар, грузиндер, қазақтар және т.б. халықтардың өкілдері мекендейді. Қазақтар мен түріктердің өзара ортақ этностық төл негіздерін сақтай отырып, дербестене дамуында, әрине, екі халық та басқа жұрттар мәдениеттерімен араласуды, яғни мәдениеттер сұхбатын (диалог культур) бастарынан өткізді. Қазіргі Түркия орналасқан Кіші Азиядағы мемлекеттер, өркениеттер алмасуы, араласуы – тарихи дамудың шындығы.

Зерттеуші Ю.Миллер осыған байланысты былай дейді: «...Бұл жер әлемдік мәдениеттің ең алғашқы ошақтарының бірі болды. Мұнда «Хетт державасы (б.д.д. XIX ғ.)» Митанни (б.д.д. XVIII ғ.), Урарту (б.д.д. XI-VII ғ.) секілді ежелгі мемлекеттер пайда болып, өмір сүрді. Кіші Азия Ахеменидтер, Селевкидтер, А.Македонский секілді алып мемлекеттік бірлестіктерге, кейінірек Рим империясы құрамына» [1, 8 б.]. Демек, қазіргі Қазақстан жерінен Кіші Азияға барған түріктердің мәдениетіндегі төл негіздердің сақталуында, жаңа ықпалдармен түрлене дамуында тарихи араласулардың болғандығы анық. Әрине, қазақ және түрік

ақындарының, ашықтарының Шығыс және Батыс өркениеттерімен араласуында біршама өзгешеліктер бар.

Мысалы, қазақтың XII- XIV ғ.ғ. поэзиясының дамуында араб-парсы синтезі тұрпатындағы Шығыстың классикалық әдебиетімен ықпалдасу дәстүрі белсенді сипатта болғаны мәлім. Әрине, озат мәдениеттердің ықпалдарының болуы табиғи жағдай. Салжұқ түріктердің мәдениеті өркениеттер тоғысуы процесін басынан кешірді. Академик В.А.Гордлевский: «Мәуереннахрдан үнемі дервиштердің жаңа топтары ағылатын, солардың бәрі Кіші Азиядағы оғыздардың қарапайым салт-санасын өзгертіп тарататын» [2, 199 б.], десе тарихшы - өнертанушы Ю.Миллер: «XV ғ. Осман сарайы тұсында араб және парсы тілдері мен әдебиеттері жан-жақты тарады, ал сұлтан Мехмед (1451-1481) грек тілін де білетін Түркияға Таяу Шығыстың көптеген көрнекті ғалымдары мен ақындарының келуі де зор әсерін тигізді, олардың қатарында өз дәуірінің «Птолемейі» атанған Әли Құсшы де бар (өл.1474 ж.)» [1, 10 б.]. Ал қазақ шығыстанушы ғалымы А.Көбесов: "Әли ибн Мұхамед Алаеддин Әл-Құсшы XV ғ. бас кезінде Самарқан қаласында туған. Әл-Құсшының Орта Азияның қай қаласының өкілі екендігін айырып айту қиын :...Әл-Құсшы ныпсысы «құс» деген түркі сөзімен тікелей байланысты. Ал, құс салушылық сол тұста және кейін де көшпелі түркі халықтары арасында кеңінен жайылған өнер болғаны мәлім. Сондықтан да Әл-Құсшының әкесі немесе ағасы көшпелі дала түркі тайпаларының бірінен (мәселен қазақ руларының бірінен) шығуы ықтимал» [3, 225-226 б.б.], - дейді.

Осы математик, астроном, философ, әдебиетші Әл-Құсшы Мауереннахр өлкесінен Түркияға, Кіші Азияға барады. Шығыстың ұлы ақындары мұраларымен танысады. Шығыстың ұлы ақыны Жәләладдин Румидің (1207-1273) және оның дәстүріндегі ақындар шығармашылығымен таныс болады. Шығыстың ұлы ақыны Әбдірахман Жәмимен (1414-1492) таныс болған. Шығыстың классикалық поэзиясының алыптарының бәрінің де айтылып отырған кезеңде қазақ және түрік халықтарының рухани әлеміне ықпалы мол болды. Әл-Құсшының «Мұхаммедия» атты еңбегі, профессор А.Көбесов пікірінше: "Атынан көрініп тұрғандай, бұл трактат түрік сұлтаны Мұхаммед Екіншіге арналады. Еңбек сұлтанға ұнайды, сондықтан Мұхаммед II Әл-Құсшыға айына 200 дирхем келісімді айлық тағайындайды. Әл-Құсшы Айя-София медресесіне математика, астрономия және басқа ғылым салаларынан дәріс (лекция) оқитын болады [3, 229 б.]. Осы Әл-Құсшы арқылы Анадолы түріктерінің атажұртындағы ұлы ғалым Ұлықбек обсерваториясында жасалған «Жаңа астрономиялық таблицалар» Азия, Еуропа елдеріне тарайды. Әрине, бұл кезеңдегі Әбунәсір Әл-Фарабидің, Ұлықбектің, Захир-ад-дин Мұхаммед Бабырдың, Мұхаммед Хайдар Дулатидың ғалымдық еңбектері түркі халықтарының, оның атажұрты қазақ даласының рухани байлығын әлемге таратты. Бұл арадағы

айтпағымыз, XI-XIX ғасырларда қазақ ақындары және түрік ашықтары шығармашылығының әлемдік мәдениеттер байланыстарының тоғысуын, өзара ықпалдасуын қатарлас бастарынан кешкендігі ақиқат. Бәлкім, бұл арадағы ықпалдасу араб халифатының, одан кейін Осман империясы құрамындағы халықтардың байырғы түркі өркениеті мен ислам мәдениеті тоғысуын ортақ жағдайда бастан кешіргендігінен де болса керек.

Қазақ ақындары мен түрік ашықтары поэзиясының XII-XIX ғ.ғ. мазмұны мен пішінінен Шығыстың классикалық әдебиетіндегі суфизм көзқарасымен жырлау ұстанымын көреміз. Суфизм көзқарастарын ұстанушылар - дәруіштер. Дәруіштер – Орта Азияның және Қазақстанның, Кіші Азияның, жалпы бүкіл Шығыс елдерінің рухани – мәдени байланыстарының дәнекер тұлғалары. Бұлар - қарапайымдылықты ұлылық қасиет тұрпатында таныту жолындағы насихатшылар. Сондықтан да Шығыс классикалық әдебиеті алыптарының барлығы дерлік суфизм көзқарастарын ұстанды. Дәруіштік және софылық дүниетаным біртұтас көзқарастарды танытады. Сондықтан, XI-XIX ғ.ғ. қазақ және түрік поэзиясы мен классикалық Шығыс әдебиетінің ықпалдасу өзегіне дәруіштік - софылық ұстаным негіз болғанын көреміз. Бұл орайда суфизмді зерттеуші Идирис Шахтың пікірін негізге аламыз: «Дервиш мектептері поэзияның шынайы құндылығын мистикалық дайындыққа пайдалануға мамандандырылған болатын. Поэзия бірнеше қызмет атқарады. Сопы үшін ол өзінің «шынайылық» деңгейіне қарай мазмұнға ие. Мұхаммед пайғамбар көрсеткендей, барлық ордендерге діни негіздегі жырларды тыңдауға рұқсат етіледі. Ол былай дейді: «Кейде поэзия даналыққа құрылады...» Сопылар өлең тыңдауды, сондай-ақ тыңдаушының олардан пайдалы әсер алуын маңызды деп санайды. Дервиштік ұстаздар поэзияны толық түсінуге дайын еместерге поэзия қолжетімсіз деп есептейді» [4, 338-339 б.б.].

Осы айтылғандарды жинақтай келгенде, Шығыстың классикалық поэзиясын қалыптастырған, дамытқан ұлы ақындардың барлығы дерлік аталған дәруіштік-софылық көзқарасы бағдарын ұстанған шығармашылық сипаттарымен ерекшеленеді. Софы-дәруіштердің насихаттық іс-әрекеттерінің әлем халықтарына, олардың рухани дүниетанымына әсер етуінде басқалардан гөрі түркі халықтарына ықпалы зор болды. Бұл туралы академик В.В. Бартольд былай дейді: «Белгілі сопылардың өмірбаяндарында өзге діндегілердің басым көпшілігіне исламды қабылдау жөнінде жасаған үндеулері айтылады; сопылар исламды уағыздау үшін далалық жерлерге, түріктерге сапар шекті, әр уақытта және күні бүгінге дейін кітаби дін өкілдеріне қарағанда түріктер арасында үлкен табысқа ие болды. Сопы-уағызшылар далада қасиетті соғыс және жұмақ рахаттары туралы емес; күнә мен тозақ азаптары туралы айтты және айтып келеді; Орта Азия мен Орталық Африкадағы европалық саяхатшылар, бір-біріне бағымсыз, күнә туралы және тозақ

азабы туралы әңгімелердің исламның кеңірек тарауына әсер ететіндігі туралы шешімге келді» [5, 54 б.]. Демек, қазақ ақындары мен түрік ашықтары шығармаларының суфизм көзқарастары жүйесіндегі ықпалдастық дәстүрімен жырланғанын танимыз. Бұл арада, әрине, бүкіл түркі халықтарындағы суфизм поэзиясының негізін салушы Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани шығармашылығын әуелі ауызға аламыз.

Осындай бағдарды қалыптастырған Шығыс классикалық поэзиясының алыптары Әбілхасан Рудакидің, Омар һәйямның, Жәләладдин Румидің, Шәмсәддин Хожа Хафиздың, Шейх Сағди Ширазидің, Әбдірахман Жәмидің, Әлішер Науаидың және т.б. ақындардың шығармалары суфизм дүниетанымын поэзия тілмен, поэтикалық көркемдік астарлармен бере жырлайды. Суфизм теориясын зерттеуші Идрис Шахтың пікірі классикалық Шығыс поэзиясының түрік халықтары (қазақ, түрік және т.б.) сөз өнеріне де игі ықпал жасағандығын дәлелдейді: «...мұсылмандық өркениет орта ғасырларда дамудың биік дәрежесіне жетті, барлық халықтардың мистикалық қозғалыс байланыстары, мистицизмнің аз ғана адамдар ішінде және мүлдем құпия топтармен шектелген кезеңіне қарағанда, анағұрлым тығыз болуы керек еді. Енді сопылық көптеген бағыттар бойынша дами бастады. ... Өз теорияларын қоғам сұраныстарына сай икемдей алған сопылық әншілер мен ақындар Шығыстың классикалық мұрасына айналған туындыларды дүниеге әкелді» [4, 56-57 б.]. Шынында да, түбі бір туысқан қазақ және түрік халықтарының XI-XX ғ.ғ. ақындары, ашықтары поэзиясына поэтикалық-идеялық ықпал жасауға классикалық Шығыс поэзиясындағы суфизм бағдарының елеулі болғандығы анық. Түріктің ашықтық поэзиясының көрнекті тұлғалары Юнус Эмренің (шамамен 1240-1320 ж.ж.), Қайғысыз Абдалдың (XIV ғ.), Пір Сұлтан Абдалдың (?-1560 ж.), Қараджаоғланның (1606-1689 ж.ж.), Ашық Өмердің (1630-1707 ж.), Дертлидің (1772-1845 ж.ж.), Эрзурумдық Эмрахтың (шамамен XVIII ғ.аяғында туған, 1860ж. өлген), Рухсатидің (1856-1999), Ашық Вейселдің (1894-1973 ж.ж.) және т.б.-дың әдеби мұралары классикалық Шығыс әдебиетінің аталған игі дәстүрімен толық үндеседі.

Суфизм поэзиясының орта ғасырлардағы қалыптасуы мен дамуынан басталған үрдістері көркемдік дәстүр болып жалғасты. Тақырыптық-идеялық сарындастық, ақындар мен ашықтардың әуез аспаптарын (саз, қобыз, домбыра, сыбызғы, сылдырмақ, дауылпаз және т.б.) ұстануы, поэзиялық шығармаларының сөз, әуез орындаушылық өнер тұтастығы жағдайында болуы, дәруіштік дағдымен үнемі ел аралап, қалың жұртшылық алдында жырлауы және т.б. қасиеттер дәстүрлі сипатпен тұрақты сақталды. Сөз арқауындағы мәселе - қазақ және түрік ақындары поэзиясына ортақ тұлға Қожа Ахмет Иасауи хикметтеріндегі дәруіштік-сопылық-фақырлық көзқарас ұстанымының жырлануы.

Ақындар Құран шындығын негіздеген Аллаға мінажат, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға, сахабаларға құрмет сезімдерін жырлады. Мысалы, Юнус Эмре «Кімнің діншіл жарқындығын, кімнің дінсіз соқырлығын Алла ғана біледі», «Ешкімді де айыптама, біреудің бай не қайыршы екенін сен кінәлама, кедейлікті де, байлықты да ұйғарады Алла тағала!» деп жырлайды. Қайғысыз Абдалдың («Мұсылмандар, бұл не нәрсе жасалған»), Пір Сұлтан Абдалдың («Мейрімді Алла, дүниені жаратқан, кешір мені, өмір - қыспақ тар аспан»), Қараджаоғланның («Алла, маған жіберші аяулымды»), Дертлидің («Сұлулығың, Алланың ұлы сыйлығы») және т.б. түрік ашықтарының өлеңдеріндегі жаратушы Алланың құдіретін, Құранның шындығын мінажаттық мойындау сезімімен жырлануы негізгі идеялық - поэтикалық желінін құрайды.

Орта Азиядағы Түркістан төңірегіндегі суфизм ақындарының шығармашылығында қалыптасқан исламдық дүниетанымды жырлау дәстүрі Шығыстың классикалық әдебиетіндегі аталған алыптар мұраларымен сабақтасады. Бұл дәстүрдің ықпалды аясына түрік ашықтарының да шығармалары да кіреді. Демек, біз бұл арада Орта Азиядағы қазақ, шығыс елдері, араб, парсы халықтары әдебиеттеріндегі тоғысу, тұтасу синтезі құбылыстарын байқаймыз. Сондықтан біз бұларды өзара поэтикалық ықпалдастық және үндестік тұрғысында қарастырамыз. Шығыстың классикалық поэзиясына кең өрістеп жырланған дидактикалық-философиялық және лирикалық (махаббат, табиғат) өлеңдерінің де қазақ ақындары мен түрік ашықтары шығармашылығында кеңінен өрістегенін айтамыз.

Әлемдік өркениеттер тоғысуын бастан кешірген қазақ және түрік халықтарының ақындық мұралары ұлттық негіздерін сақтай отырып, көркемдік арналарын кеңейтті. Поэзиядағы мазмұн мен пішін ауқымына кіретін көркемдік - стильдік өрнектер жалпыадамзаттық рухани байлықты молайта түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Миллер Ю.А. Искусство Турции. Л. – М.:Искусство,1965. – 168 с.
- 2 Гордлевский В.А. Избранные сочинения. Исторические работы.- т.1. Москва: Изд-во восточной литературы, 1960. – 551 с.
- 3 Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (XI-XIX ғасырлар) / Құраст. Б. Исақов. – Алматы: Қазмембас, 1964. – 302 б.
- 4 Шах Идрис. Суфизм. – Москва: Крышников, Комаров и К*, 1994. – 447 с.
- 5 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.